

Газ реттегіш құралдарды жасау жөніндегі Ресей- Қазақстан кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 127

Жылу энергетика ресурстарын тиімді пайдаланудың, республикада газ шаруашылығының қауіпсіздігі мен сенімді түрде пайдаланылуын қамтамасыз ететін осы заманғы жабдықтарды қолданудың қажеттілігіне байланысты:

1. Пайдаланылудағы жүйелерді жарақтандыру және пайдалануға жаңадан іске қосылған объектілерге орнату үшін бұл өнімдерді кәсіпорындарға, ұйымдар мен халыққа бере отырып, газ қысымы режимінің бұзылған және авариялық жағдайлар туындаған реттерде газ шаруашылығының сенімді және авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қауіпсіздік аспаптарын, газ реттегіш аппаратура мен басқа да құралдарды жасау мен оларға сервистік техникалық қызмет көрсету жөніндегі бірлескен Ресей-Қазақстан кәсіпорнын құрудың қажеттігі туралы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы мен Ресей Федерациясының ашық үлгідегі "Сигнал" акционерлік қоғамының ұсынысы келісілсін.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері, мүдделі министрліктер мен ведомстволар:

1995 жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде қауіпсіздік аспаптарына, газ реттегіш аппаратурасы мен басқа да құралдарға деген қажеттілікті айқындасын, аталған жабдықтардың бірінші кезекте тұрғын үй қорының пайдаланылатын газ жүйелері мен әлеуметтік және өндірістік сала объектілерінде, сондай-ақ жаңадан салынатын газбен жабдықтау жүйелерінде орнатудың назарда ұстасын;

газ жүйелерін жаңадан салғанда және қазіргілерін қайта жаңартқанда газ бөлгіш қондырғылар мен газбен жабдықтаудың жоғары сенімділігін қамтамасыз ететін ыстық жинағышы бар шкафтарды қолданысын;

1995 жылдың III тоқсанынан бастап қысым режимі бұзылғанда және басқа да авариялық жағдайларда, пайдаланылатын және жаңадан салынатын барлық объектілерде келген газдың тоқтатылуына кепілдік беретін аспаптардың кезең-кезеңімен міндетті түрде қолданылуын қамтамасыз етсін;

қазіргі тұрғын үй қорында, әлеуметтік және өндірістік салаларда қауіпсіздік аспаптарын пайдаланудың қажеттілігі туралы халық пен коммуналдық қызметтер арасында түсінік жұмысын жүргізісін.

3. Осы өкімнің орындалу барысына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік

комиссиясына жүктелсін.

Премьер-министрдің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК